


# Білім алушының анықтамалық - жолсілтеуіші



**2023-2024**

# APEMS Academy

Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы (бұдан әрі – APEMS-Academy of physical education and mass sports) 2021 жылы Астана қаласында Қазақстан Республикасының Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде құрылған. APEMS спорт саласы үшін кадрларды даярлаудың жетекші ұлттық орталығы болмақ.



Академияның заманауи құрал жабдықтармен жасақталған екі оқу корпусы бар. Олар: Ж. Үшкепіров атындағы "Жекпе-Жек" сарайы және "EXPO" бизнес орталығында орналасқан оқу корпусы. Біздің оқу бағдарламамыз 3 жылды қамтиды, осы кезең ішінде студенттер спорттық педагогиканы, спорттық көшбасшылық пен менеджментті, психологияны, анатомияны, оқыту әдістемесін оқиды және басқа да көптеген маңызды аспектілерді зерттеумен айналысады.

Біздің миссиямыз - спорт саласында жетістіктерге ұмтылатын жас мамандарды шабыттандыру және қолдау. Біз APEMS түлектерін мықты жаттықтырушылар мен нұсқаушылар ретінде ғана емес, сонымен қатар басқаларды салауатты өмір салты мен спорттық жетістіктерге шабыттандыратын белсенді көшбасшылар ретінде тәрбиелеуге ұмтыламыз.

# МАЗМҰНЫ

Академия туралы	03
Глоссарий	05
Білім алушыларды қолдау орталығы	08
Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері	10
Студенттің іс әрекеті	12
Білім беру үдерісінің сызбасы	13
GPA есептеу әдістемесі	16
Жазғы семестр	19
Білім алушылардың практикасы	20
Білім алушыларды ауыстыру, оқудан шығару және қайта қабылдау тәртібі	21
Мемлекеттік шәкіртақы төлеу тәртібі	22
Гранттық бос орындар	23
Оқу ақысын төлеу тәртібі	24
Академияда рұқсатнамалық тәртіптемені жүзеге асыру реті	25






# Құрметті, бірінші курс студенті!

## АРЕМС - ке қош келдің!

Сіздер өмірдің жаңа да қызықты шағына өттіңіздер. Бұл кезең жастар үшін өздерінің шынайы бақыты мен өмірдің мәнін табатын ерекше уақыт болып есептеледі. АРЕМС Сіздер үшін зор мүмкіндіктер мен мақсаттардың мекені. Бұл жерде Сіз өзіңіздің біліміңізді ғана тереңдетіп қоймайсыз, сонымен қатар жеке тұлға ретінде дами аласыз. Көптеген шығармашылық, спорттық және ғылыми іс-шаралар сіздің әлеуетіңізді ашуға және оқу тәжірибеңізді байытуға көмектеседі.

Оқу барысында Сіздің бойыңыздан мамандыққа берілгендік, табандылық, көшбасшылық, тұлғалық өсуге ұмтылу және біздің дәстүрлерімізді құрметтеу сияқты қасиеттерді көре аламыз деп сенеміз!

Сіздерге сәттілік тілейміз!



---

### Заңды мекен - жайы:

010011, Астана қ.,  
ЭКСПО бизнес  
орталығы, Мәңгілік ел  
даңғылы, С 4.5.

### Электронды пошта:

[info@apems.edu.kz](mailto:info@apems.edu.kz) ;  
[university\\_sports@mail.ru](mailto:university_sports@mail.ru).

### Академия сайты

[apems.edu.kz](http://apems.edu.kz)

### Instagram - дағы заңды канал

[www.instagram.com/apems\\_kz](https://www.instagram.com/apems_kz)


### Тел.

8 (700) 957-00-61;

8 (700) 957-00-62;

8 (700) 957-00-68.







# Глоссарий

Осы анықтамалықта келесі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

**Ағымдық бақылау** – әрбір тақырып пен оқу пәні бойынша оқу жетістіктерін жүйеленген түрде оқытушының тексеріп отыруы;

**Академиялық кезең (Term)** – теориялық оқу кезеңі, жоғары оқу орнымен үш форманың бірі таңдалады: семестр 15 аптаға созылады, триместр 10 аптаға созылады, квартал 8 аптаға созылады;

**Академиялық сағат** - оқу сабақтарының көлемін немесе оқу жұмысының басқа түрлерін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде пайдаланылады;

**Академиялық ұтқырлық** – білім алушылардың немесе оқытушы зерттеушілердің оқу мақсатында ауысуы, немесе нақты академиялық кезеңде (семестр немесе оқу жылында) басқа жоғары оқу орнында зерттеу жүргізуі (елде немесе шетелде), ол кезде міндетті түрде оқылған пәндердің кредиттік көрсеткіштері ескеріліп, басқа жоғары оқу орнында, жинаған кредиттерін жоғалтпай, білімін жалғастыруға болады;

**Ақпараттық технология** – ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, тарату, көрсету және пайдалану мақсатында интеграцияланған әдістердің, өндірістік процестердің және бағдарламалық-техникалық құралдардың жүйесі;

**Білім алушының академиялық рейтингі (Rating)** - қорытынды бақылау шешімі бойынша білім алушының бағдарламаның материалдарын игеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

**Білім алушыларды қорытынды аттестаттау**- тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

**Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау** - әртүрлі типтегі бақылау тапсырмалары (жазбаша жұмыстар, тесттер, практикалық жұмыстар, портфолио, ауызша сауалнамалар және т. б.) негізінде нақты пән бойынша білім алушылардың білім жетістіктерін тексеру; ол ағымдағы бақылау, аралық бақылау және қорытынды бақылау болып бөлінеді;

**Білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы (БАОӨЖ)** – оқытушының жетекшілігімен білім алушының аудиториядан тыс жұмысы;

**Білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ)** – өзіндік жұмыстарға арналған арнайы тақырыптар тізімімен жұмыс, олар оқу-әдістемелік әдебиеттермен және нұсқаулармен қамтамасыз етіледі және жұмыстың нәтижесі тест, бақылау жұмысы, коллоквиум, реферат, шығарма, есеп түрінде қабылданады.

# Глоссарий

Осы анықтамалықта келесі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

**Кредит (Credit, Credit-hour)** – білім алушының / оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшейтін бірлік. Бір кредит білім алушының академиялық кезеңдегі 1 аптада оқитын 1 академиялық аудиториялық сағатқа тең;

**Қашықтықтан білім беру технологиялары** - білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (қашықтықта) немесе толық емес өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;

**Міндетті компонент** – білім алушыар оқу бағдарламасына сәйкес міндетті түрде оқитын пәндер;

**Оқытудың кредиттік технологиясы** - студенттерге таңдау және дербес жоспарлау негізінде оқу пәндерін және (немесе) модульдерді академиялық қарыздар жинақтай отырып оқудың дәйектілігі;

**Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі** - халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балдардағы оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

**Оқу пәніне жазылу** - білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі;

**Platonus** - автоматтандырылған ақпараттық жүйе, оқытушы мен білім алушылар арасындағы тиімді өзара әрекеттесуді ұйымдастыруға және дәстүрлі қашықтықтан оқыту курстарын ұйымдастыруға, сондай-ақ күндізгі оқытуды қолдауға бағытталған ашық бастапқы оқытуды басқару жүйесі (open source жүйесі);

**Пәннің жұмыс бағдарламасы (Syllabus)** – негізгі оқу-әдістемелік құжат, құрамында: пәнне сипаттама, пәннің мақсаты мен міндеттері, қысқаша мазмұны беріледі;

**Постреквизиттер** - оқу үшін осы пәнді және (немесе) модульдерді оқу аяқталғаннан кейін алынған білім, қабілеттер, дағдылар мен құзыреттіліктерді қажет ететін пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа түрлері;

**Пререквизиттер** - оқытылатын пәнді және (немесе) модульді дамытуға қажетті білім, білік, құзыреттіліктері бар пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа түрлері;

**Таңдау бойынша компонент (Electives)** – элективті оқу пәні, білім алушының кез-келген академиялық кезеңде оқуға болатын оқу пәндері;

**Орташа (өтпелі) балл (GPA)** – білім алушының оқу үлгерімінің орташа есептелген бағасы; білім алушыны келесі курстарға көшіру үшін қолданылады; курс өткен сайын ол да өсіп отырады;

# Глоссарий

Осы анықтамалықта келесі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

**Транскрипт (Transcript)** - кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде меңгерілген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат;

**Элективті пәндер каталогы** - білім алушының өз еркімен таңдалатын пәндер тізімі;

**Жеке оқу жоспары** - білім алушылардың білім беру бағдарламасы және элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогы негізінде әдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары;

**Ассистент, доцент, профессор (Assistant Professor, Associate Professor, Akademie Professor)** – жоғары оқу орнындағы профессорлық-оқытушылық құрамның лауазымдары;

**Аралық бақылау** - академиялық кестеге сәйкес оқытушымен, оқу пәнін өткізушімен білім алушының оқу жетістіктерін кезең-кезеңімен бақылап отыру;

**Бакалавр, магистр, доктор** – академиялық дәрежелер, сәйкесінше жоғары оқу орнының және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім бағдарламаларын игерген тұлғаларға беріледі;

**Оқыту нәтижелері** - білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсеткен білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар;

**Еуропалық кредиттер трансферті** (ауыстыру) және жинақтау жүйесі (ECTS) – білім беру бағдарламаларына (пән, курс, модуль) есептік бірліктерді (кредит) беру әдісі, сол арқылы оқу траекториясын өзгертсе, жоғары оқу орнын ауыстырса, білім алушының игерген оқу пәндері салыстырылып, қайта тапсырылады;





# Білім алушыларды қолдау орталығы

## Деканат

Тел: 8 (700) 957-00-68  
E-mail: zh\_kenzhin@apems.edu.kz

Қабылдау уақыты:  
Сәрсенбі: 14:00-17:00  
Жұмб: 14:00-17:00

Оқу, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысын жоспарлауды, ұйымдастыруды, мониторингті, талдауды және жетілдіруді; оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістері негізінде оқу процесін ұйымдастыруды, студентке бағдарланған оқыту, оқыту және бағалау контекстінде оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асырады.

## Тіркеуші кеңсесі

Тел: 8 (700) 957-00-68  
E-mail: [d\\_mazhitova@apems.edu.kz](mailto:d_mazhitova@apems.edu.kz)

Кредиттік және қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін сүйемелдейді. Студенттік "өмірлік цикл" бойы білім алушылардың жеке істерін қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады. Жасына, жынысына, тұрғылықты жеріне (өңіріне), ұлтына, төлем шарттарына (білім беру гранты, ЖАО гранты, кәсіпорындар, ұйымдар гранты бойынша, ақылы негізде), әлеуметтік мәртебесіне қарай білім алушылар контингентінің есебін жүргізеді.

## Әлеуметтік тәрбие жұмысы департаменті

Тел: 8 700 957 00 61  
E-mail: [s\\_akhmetkali@apems.edu.kz](mailto:s_akhmetkali@apems.edu.kz)

Болашақ маманның жеке басының қалыптасуы мен дамуына жағымды әсер ететін ақпараттық - білім беру және әлеуметтік-мәдени ортаны құруды жүзеге асырады. Студент жастардың шығармашылық әлеуетін ашу және өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасаумен, студенттердің бос уақытын ұйымдастырумен, студенттердің шығармашылық және спорттық клубтары мен ұжымдарын қолдаумен айналысады.

## Ғылыми кітапхана

[b\\_baltabekova@apems.edu.kz](mailto:b_baltabekova@apems.edu.kz)

Оқу үдерісі мен ғылыми зерттеулерді әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз етуді жүзеге асырады

# Білім алушыларды қолдау орталығы

## Академиялық қызмет департаменті:

Тел: 8 (700) 957-00-68  
E-mail: zh\_kenzhin@apems.edu.kz

Оқу процесін жоспарлауды, ұйымдастыруды және бақылауды, оқытудың инновациялық технологияларын енгізуді жүзеге асырады.

## Маркетинг және қоғаммен байланыс департаменті

E-mail: [a\\_yeginbayeva@apems.edu.kz](mailto:a_yeginbayeva@apems.edu.kz)

Маркетингтік стратегияны әзірлейді. АРЕМС қызметіндегі маңызды оқиғалар туралы жұртшылықты уақтылы хабардар ету үшін бұқаралық ақпарат құралдарымен, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

## Ғылым және халықаралық ынтымақтастық департаменті.

E-mail: [alina\\_ten@apems.edu.kz](mailto:alina_ten@apems.edu.kz)  
E-mail: [m\\_baurzhan@apems.edu.kz](mailto:m_baurzhan@apems.edu.kz)  
E-mail: [d\\_saparova@apems.edu.kz](mailto:d_saparova@apems.edu.kz)

Жүзеге асырады:

- АРЕМС-те ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыруды бақылау;
- АРЕМС білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің ғылыми қызметі мен жарияланымдық белсенділігін талдау;
- ғылыми-зерттеу саласында АРЕМС инновациялық қызметін дамыту;
- шетелдік жоғары оқу орындарымен, халықаралық қауымдастықтармен, ұйымдармен стратегиялық байланыстарды дамыту;
- академиялық ұтқырлық және қос дипломды білім беру бағдарламалары бойынша студенттік алмасу бағдарламаларын үйлестіру;
- жоғары спорттық білім беру саласында халықаралық серіктес жоғары оқу орындарымен бірлескен ғылыми зерттеулерді дамыту.

# Білім алушыларды қолдау орталығы

## Медициналық кабинет

Медициналық кабинет-бұл дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясының АРЕМС студенттері мен қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсететін мамандандырылған бөлімі. Медициналық кабинеттің негізгі мақсаты академиялық ортаға қатысушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын сақтау болып табылады.

## Мансап, іскерлік серіктестік және аккредиттеу орталығы

E-mail: [a\\_ospanova@apems.edu.kz](mailto:a_ospanova@apems.edu.kz)

Мансап, іскерлік серіктестік және аккредиттеу орталығы Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясының құрылымдық бөлімшесі болып табылады, ол іскерлік қоғамдастықпен, аремс түлектерімен және студенттерімен тиімді қарым-қатынас орнату мақсатында құрылған. Жұмыс беруші ұйымдармен үнемі кеңейіп отыратын серіктестіктер ұйымдардың мүдделері мен қажеттіліктерін жинауға және бақылауға, оларды АРЕМС түлектері мен білім алушыларының мүмкіндіктеріне сәйкес жобалауға мүмкіндік береді.

## Психологиялық қолдау көрсету орталығы

Тел.: 8 700 957 00 68

E-mail: [mental\\_health@apems.edu.kz](mailto:mental_health@apems.edu.kz)

Қабылдау уақыты:

Дүйсенбі - жұма сағ. 10.00 - 17.00

Білім алушыларға келесі бағыттар бойынша өтеусіз негізде жеке немесе топтық психологиялық кеңес беру қызметтерін ұсынатын АРЕМС құрылымдық бөлімшесі:

- Отбасылық мәселелер және ата-анадан бөліну;
- Өмірлік өзгерістер мен қиындықтар (басқа қалаға көшу, оқу орны);
- Академиялық сұрақтар/қиындықтар;
- Спорттық жарыстар;
- Мотивацияның болмауы, сіз таңдаған мансап жолына күмәндану;
- Мазасыздық және стресс;
- Көңіл-күйдің өзгеруі;
- Дауларды шешу мәселелері;
- Өзін-өзі бағалау мәселелері.



## АРЕМС білім алушыларының құқықтары мен міндеттері



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің стандарттарына сәйкес білім алу.



Академияның Ғылыми кеңесінің және студенттік өзін-өзі басқару органдарының құрамына сайлау.



Кітапхана қорын, оқу, ғылыми, емдеу және ЖОО-ның басқа да бөлімшелерінің қызметтерін тегін пайдалану.



Белгіленген тәртіппен жатақханада орынмен қамтамасыз етілу.



Атаулы стипендияларды қоса алғанда, моральдық немесе материалдық көтермелеу алу құқығы (ҚР Президенті және басқалар).



Кез келген дәрежедегі білім беру процесіне қатысушылардың заңсыз әрекеттері жағдайында құқықтық (құқықтық) қорғауға ие болу



Оқу-тәрбие процесінде бұзушылықтар фактілері туралы ақпаратты беру кезінде құпиялылық құқығына ие болу (студенттің өтініші бойынша).



Қолданыстағы оқуды ауыстыру және қалпына келтіру ережелеріне сәйкес ауысу және оқуға қайта қабылдану құқығына ие.


## АРЕМС білім алушыларының құқықтары мен міндеттері



Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын, ішкі тәртіп ережелерін, сондай-ақ жатақханада тұру ережелерін және басқа да нормативтік құжаттарды білу және сақтау.



Өз елінің және Академияның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтеу.



Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын білу және құрметтеу.



Оқуға жауапкершілікпен қарау және оқу ақысын төлеу туралы шарттың талаптарын орындау.



Басқа білім алушылармен, оқытушылармен және әкімшілікпен сыпайы қарым-қатынаста болу және құрметтеу.



Ұлтына, мәртебесіне, дүниетанымына және діни көзқарасына қарамастан азаматтарды құрметтеу.



Зорлық-зомбылық, қорқыту, бұзақылық және басқа да жағымсыз әрекеттерді болдырмау.



Шұғыл жағдайлар бойынша сабақтарда болмағаны туралы деканатты уақтылы хабардар ету

Бірінші курс студентіне бірінші кезекте не істеу керек?

## №1 қадам

Білім беру бағдарламасының  
жетекшісі

Эдвайзеріңіздің аты - жөнін біліңіз  
Студенттік билетіңізді алыңыз

## №2 қадам

Эдвайзер

Эдвайзердің  
көмегімен жеке  
оқу жоспарын  
құрастырыңыз

## №3 қадам

Кітапхана  
Оқырман билетін  
алыңыз

## №4 қадам

Сабақ кестесі

**Platonus** немесе **MOODLE**  
платформасынан сабақ  
кестесін алуға болады



<https://apems.edu.kz/ru/obuchayushchimsya/informatsionnye-sistemy>

## №5 қадам

Тіркеуші кеңсесі

"**Platonus**" бағдарламасынан  
логиніңіз бен пароліңізді алыңыз



# Білім беру үдерісінің кестесі

Бір оқу жылы үш триместрден тұрады.

## Бірінші триместр



1

Алғашқы 5 апта бойы сабақтарға сабақ кестесімен барасыз. Оқытушылар сабақ барысында баға (ұпай) қояды.




2

5 - аптадан кейін бірінші аралық бақылау тапсырасыз



3

Келесі 5 апта бойы сабақтарға сабақ кестесімен барасыз. Оқытушылар сабақ барысында баға (ұпай) қояды.



4

10 - аптадан кейін екінші аралық бақылауды тапсырасыз.



5

Ал 11- аптада сессия басталады, пән бойынша емтихан тапсырасыз.

6

Алақай! Демалыс!

# Білім беру үдерісінің кестесі

## Екінші триместр



1

Алғашқы 5 апта бойы сабақтарға сабақ кестесімен барасыз. Оқытушылар сабақ барысында баға (ұпай) қояды.




2

5 - аптадан кейін бірінші аралық бақылау тапсырасыз



3

Келесі 5 апта бойы сабақтарға сабақ кестесімен барасыз. Оқытушылар сабақ барысында баға (ұпай) қояды.



4

10 - аптадан кейін екінші аралық бақылауды тапсырасыз.



5

Ал 11- аптада сессия басталады, пән бойынша емтихан тапсырасыз.



6

Алақай! Демалыс!

# Білім беру үдерісінің кестесі

## Үшінші триместр



1

Алғашқы 5 апта бойы сабақтарға сабақ кестесімен барасыз. Оқытушылар сабақ барысында баға (ұпай) қояды.




2

5 - аптадан кейін бірінші аралық бақылау тапсырасыз



3

Келесі 5 аптада сабақтарға сабақ кестесімен барасыз. Оқытушылар сабақ барысында баға (ұпай) қояды.



4

10 - аптадан кейін екінші аралық бақылауды тапсырасыз.



5

Ал 11- аптада сессия басталады, пән бойынша емтихан тапсырасыз.



6

Алақай! Демалыс!



## GPA-ны есептеу әдісі

GPA (Grade Point Average) - таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды бағалау балдарының сандық баламасына кредиттер туындылары сомасының осы оқу кезеңіндегі жұмыстың осы түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы).

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Ұпаймен бағалау	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4.0	95-100	Өте жақсы
A-	3.67	90-94	
B+	3.33	85-89	Жақсы
B	3.0	80-84	
B-	2.67	75-79	
C+	2.33	70-74	
C	2.0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1.67	60-64	
D+	1.33	55-59	
D	1.0	50-54	
FX	0.5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

### GPA-ны өзіңіз қалай есептеуге болады

1. Кредиттері мен бағалары бар пәндер тізімін алыңыз.
2. Әр пән үшін кредиттер санын (осы пән бойынша) алынған бағаның сандық баламасына көбейтеміз.
3. Алынған ұпайларды қосамыз.
4. Есептеуге қатысқан барлық пәндердің кредиттерінің қосындысына бөлеміз

## 1 триместрдегі кезең үшін келесі пәндер бойынша GPA есептеп көрейік

триместр	Пән	Кредит	Ұпай
1	Жас анатомиясы мен физиологиясы	5	91
1	Шетел тілі	3	86
1	Орыс тілі	3	92
2	Табыс менеджменті	3	78
2	Қазақстан тарихы	5	96

## 1. Кредиттерді сандық баламада есептейміз

Семе стр	Пән	Кредит	Ұпай	СБ	КР*СБ
1	Жас анатомиясы мен физиологиясы	5	91	3.67	18.35
1	Шетел тілі	3	86	3.33	9,99
1	Орыс тілі	3	92	3.67	11,01
2	Табыс менеджменті	3	78	2.67	8,01
2	Қазақстан тарихы	5	96	4.0	20

2. КР\*СБ шыққан сандарды бір - біріне қосамыз

$$18.35 + 9,99 + 11,01 + 8,01 + 20 = 67,35$$

3. Кредиттердің жалпы санын бір - біріне қосамыз

$$5 + 3 + 3 + 3 + 5 = 19$$

4. КР\*СБ шыққан санды жалпы кредит санына бөлеміз

$$67,35 / 19 = 3,544736$$

5. Шыққан санды ондыққа дейін дөңгелектейміз

$$3,544736 = 3,5$$



## Жазғы семестр

Қосымша жеке оқу жоспары, академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою үшін білім алушы жазғы семестрде оқи алады.



Жазғы семестрдің ұзақтығы (кемінде 6 апта) мамандықтар бөлінісінде оқу процесінің академиялық күнтізбесімен айқындалады

### Жазғы семестрді кімдер оқи алады:

Басқа жоғары оқу орындарынан ауысқандарды қоса алғанда, жеделдетілген оқытудың "жақсы" және "өте жақсы" білім алушылары.



Рейтингтік бақылау нәтижелеріне байланысты аралық аттестаттауға жіберілмегендер.

Алдыңғы академиялық кезеңдердегі қарыздары барлар..

Курстың бағдарламасын аяқтаған, бірақ белгілі бір пәндерді (мемлекеттік емтихан талап етілетін "Қазақстан тарихынан" басқа) қайта оқу арқылы үлгерімнің орташа балын (GPA) жақсарту үшін ең төменгі ауысу балын )жинамағандар.

Оқуға қайта қабылдану, ауысу немесе академиялық демалыстан қайтып келгенде академиялық айырмашылық болған жағдайда.

Академиялық ұтқырлық аясында басқа жоғары оқу орындарынан келген білім алушылар.

### Жазғы семестр кезінде білім алушылар:

- Жазғы семестрден өту үшін өтініш жазады.
- Оқыту нысанына қарамастан оқуды дербес қаржыландырады.
- Ағымдық, аралық бақылаулар мен емтихан тапсырады
- Емтихан нәтижелері оқу жылындағы орташа ұпайды (GPA) есептеу үшін ескеріледі.

# Білім алушылардың тәжірибеден өтуі

Мансап, іскерлік серіктестік және аккредиттеу орталығы - АРЕМС пен еңбек нарығы арасындағы негізгі байланыс. Жұмыс берушілермен серіктестік ұйымдардың мүдделерін анықтауға және ескеруге, оларды түлектер мен студенттерге бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл білім алушыларға ұйымдар туралы ақпарат, практикалық тәжірибе және бос орындар туралы мәлімет алуға көмектеседі.

## Мансап, іскерлік серіктестік және аккредиттеу орталығының міндеттері:

- АРЕМС студенттері мен түлектеріне мансап, тәжірибе және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша кеңес беру
- жұмыс берушілермен дөңгелек үстелдер өткізу, білім алушылар үшін қонақ дәрістер, онлайн вебинарлар ұйымдастыру
- студенттерге қажетті кәсіби дағдыларды игеруге мүмкіндік беретін компаниялар базасында практиканы ұйымдастыру мәселелері бойынша білім алушыларға қолдау көрсету
- жұмыс берушілердің дерекқорын және ашық жұмыс орындарының тізімін қалыптастыру
- түлектердің мансаптық мониторингі
- жұмысқа қабылдау арқылы және мақсатты жұмыс беруші компаниялармен іскерлік байланыстарды нығайту арқылы түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу

# Білім алушыларды ауыстыру, оқудан шығару және қайта қабылдау тәртібі

АРЕМС-ке ауысу және оқуға қайта қабылдау кез-келген бағдарламаға аударым мерзіміне қарамастан мүмкін болады.

Қайта қабылдау ақылы: білім алушы ректордың атына ресми транскрипті ұсына отырып, өтініш береді.

Бағдарламалар мен жоғары оқу орындары арасында ауысу және қайта қабылдау жазғы және қысқы демалыста мүмкін.

Академиялық айырмашылықтың академиялық кредиттерінің көлемі әдетте бакалавриат бойынша 25 кредиттен аспауы керек.

Академиялық айырмашылық оқытылатын пәндер, олардың бағдарламалары және транскрипте көрсетілген сағаттар негізінде анықталады.

Егер бағдарламаның бірінші академиялық кезеңі оқу жоспарына сәйкес толығымен аяқталған болса, ауысуға неме оқудан шығарылғаннан кейін қайта қабылдауға рұқсат етіледі.

## Білім алушы жоғары оқу орнынан келесі жағдайларда шығарылады:

Академиялық үлгерімінің төмен болғаны үшін;

Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;

Студенттік ар-намыс Кодексін және АРЕМС Жарғысын бұзғаны үшін;

Білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу ақысын төлемегені үшін;

Өз еркімен.

# Мемлекеттік стипендияны төлеу тәртібі

Мемлекеттік стипендияны тағайындау және төлеу туралы Ереже Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленеді.

"Өте жақсы" және "жақсы" бағалары бар студенттерге тағайындалады

Басқа жоғары оқу орнынан ауысып келген студенттер үшін - академиялық айырмашылық реттелгеннен кейін.

Жетім балаларға және академиялық қарыздары жоқ қамқоршылыққа алынбайтын тұлғаларға қол жетімді.

Академиялық демалыста медициналық жағдайлардан басқа жағдайларда шәкіртақы төленбейді.

Жүктілік жағдайында - демалысқа дейін анықталған шәкіртақы сақталады.

3 жасқа дейінгі бала күтімі кезеңінде стипендия тағайындалмайды.

## Бос гранттар

Оқу жылы ішінде кейбіреулеріміз басқа жолды таңдаймыз немесе басқа маңызды себептермен мақсатымызды өзгертеміз. Нәтижесінде кейбір гранттар талап етілмей, бос қалады.

Бұл Сіз үшін оңтайлы сәттің келгенін көрсетеді. Бұл бос гранттар сізді білім мен жетістікке жету жолында қолдайтын сенімді тірекке айналады.

Оқу жылының ішінде екі ерекше сәт бар, олар: қысқы сессиядан кейін және жазғы сессиядан кейінгі кезеңдер.



# Оқу ақысын төлеу тәртібі

1

Білім алушы Академияға түсу кезінде шарттық негізде білім беру қызметтерін өтеулі көрсету шартын (бұдан әрі – шарт) жасасуға міндетті.

2

Білім алушы оқу ақысын Шарттың талаптарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүргізеді. Академия әкімшілігі оқу ақысын төлеудің өзге мерзімдерін белгілеуі мүмкін.

3

Төлем Академияның есеп шотына аудару арқылы жүзеге асырылады. Төлем туралы түбіртек деканатқа беріледі.

4

Қайта оқытудың барлық түрлері, соның ішінде академиялық демалыс беру кезіндегі оқу түрі қайта төленеді.

Келісімде белгіленген мерзімдерге сәйкес берешек немесе дәлелді мән-жайларсыз төлемеу туындайтын жағдайда шартты біржақты бұзу мүмкіндігі бар.

Сілтеме: <https://apems.edu.kz/ru/obuchayushchimsya/oplata>

# Академияда рұқсатнамалық тәртіптемені жүзеге асыру реті

Академияда қауіпсіздік қызметі қамтамасыз ететін тәулік бойы өткізу режимі жұмыс істейді. Ғимаратқа кіруге студенттерге еркін қол жетімділік үшін берілген электрондық ID карталары арқылы рұқсат етіледі.



**Рұқсаттаманы басқа адамдарға беруге қатаң тыйым салынады. Рұқсаттаманың жоғалғаны, бүлінгені, басқа адамдарға берілгені үшін студенттер тәртіптік жауапкершілікке тартылады.**

**Білім алушының кінәсінен карта жоғалған немесе бүлінген жағдайда карта оның есебінен ауыстырылады.**

ID-карточкалар оқуды аяқтаған немесе оқиға болған күні оқудан шығарылған кезде бақылау бөлімшесіне кету қағазында көрсетіле отырып, қайтарылады.



**Егер ішкі нормативтік актілерде ерекшеліктер белгіленбесе, жұмыс күндері және демалыс/мереке күндері сағат 21:00-ден 07:00-ге дейін Академияның аумағында және ғимаратында білім алушылардың жұмыс уақытынан тыс уақытта болуына тыйым салынады.**

21:00

07:00

Академияға бөгде адамдарға кіру қонақтардың электрондық карталарын немесе қауіпсіздік билеттері бюросы берген бір реттік рұқсаттама қағазы арқылы рұқсат етіледі. Жеке басын куәландыратын құжатты көрсету талап етіледі. Келушілер Академиядан шыққан кезде рұқсаттама қағазын қайтару қажет.





***Егер сіз сұранысқа ие, тұрақты табысқа кепілдік беретін мамандық иегері болғыңыз келсе-Сіз оқу орны мен мамандықты таңдауда қателескен жоқсыз! Болашақта сіздің шығармашылық қабілеттеріңізді жүзеге асыру сіздің ұмтылысыңызға, табандылығыңызға, жауапкершілігіңізге, білім беру үрдісіне белсенді қатысуыңызға байланысты. Сауатты мамандар әрдайым сұранысқа ие. Сізге оқуда сәттілік, қызықты студенттік өмір және жарқын болашақ тілейміз***

